

Мектеп директорларына

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі-«Дарын» РҒПО) 9-11 (12) сынып оқушыларына арналған қаржы және экономикадан республикалық олимпиадасын өткізуді жоспарлап отыр.

Олимпиаданың мақсаты. экономика негіздерін ғылым ретінде зерттеуге қызығушылық танытатын неғұрлым қабілетті оқушыларды анықтау, қолдау және дамыту және экономика бойынша халықаралық олимпиадаға (IEO) қатысу үшін Қазақстан құрама командасын қалыптастыру.

Олимпиадаға **математика және ағылшын тілін** жақсы меңгерген қатысушылар **қатыса алады.**

Олимпиада 3 кезеңде ағылшын тілінде өтеді;

1 (бастапқы) кезең- 2024 жылғы 6 наурызда;

2 (облыстық) кезең-2024 жылғы 3 сәуірде;

3 (республикалық) кезең- 2024 жылғы 2 мамырда.

Олимпиаданың бірінші кезеңі арнайы платформада, облыстық және республикалық кезең дәстүрлі форматта «Дарын» өңірлік орталықтарының немесе бір тірек мектептің базасында республиканың барлық өңірлерінде бір уақытта өтеді.

Олимпиадаға қатысатын оқушылар туралы мәліметті 2024 жылдың 23 ақпанына дейін жауапты қызметкерге жеткізу қажет.

Олимпиаданың ережесімен daryn.kz сайтынан таныса аласыздар.

Қосымша -6 бет

Басшы



М.Базарова

Орындаған: Ш.Толымбетова

87789182471



«Бекітемін»

«Дарын» РҒПО директоры

Г. Тұрсынов

2024 жыл

9-11 (12) сынып оқушыларына арналған қаржы және экономикадан республикалық олимпиаданы өткізу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1. Осы Ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және білім берудің мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етілуін, өткізілу, шараға қатысу және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау тәртібін айқындайды.

2. 9-11(12) сынып оқушыларына арналған қаржы және экономикадан республикалық олимпиада (бұдан әрі - Олимпиада) мектеп оқушыларының жыл сайынғы зияткерлік сайысы.

3. Олимпиаданы ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) болып табылады.

2. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

4. Олимпиаданың негізгі мақсаттары:

- экономика негіздерін ғылым ретінде зерттеуге қызығушылық танытатын неғұрлым қабілетті оқушыларды анықтау, қолдау және дамыту;

- экономика бойынша халықаралық олимпиадаға (IEO) қатысу үшін Қазақстан құрама командасын қалыптастыру.

5. Олимпиаданың міндеттері:

- экономика саласындағы ең дарынды балаларды қолдау үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- оқушылардың экономикалық білім негіздерін оқуға деген қызығушылығын арттыру, теориялық білім мен практикалық дағдыларын тереңдету;

- экономика саласындағы дарынды оқушыларды бейін алдындағы даярлау;

- оқушылар арасында экономикалық білімді насихаттау.

3. Олимпиадаға қатысушылар

6. Олимпиадаға жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарының, республикалық білім беру ұйымдарының, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ 9-11(12) сынып оқушылары қатыса алады.

7. Олимпиадаға математика және ағылшын тілін жақсы меңгерген қатысушылар қатыса алады.
8. Олимпиада 3 кезеңде ағылшын тілінде өткізіледі:
- 1 кезең - бастапқы;
 - 2 кезең - облыстық;
 - 3 кезең - республикалық.

4. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

9. Ұйымдастыру комитетінің құрамына Оқу-ағарту министрлігінің, "Дарын" РҒПО, өңірлік білім басқармаларының өкілдері кіреді.

10. Ұйымдастыру комитеті Олимпиаданың кезеңдерін дайындау мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, әдістемелік кеңестің, қазылар алқасының құрамын, олимпиаданың кезеңдерінің өткізу бағдарламасын, қатысушы командалардың тізімін бекітеді, қорытындылайды және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

11. Әдістемелік кеңес олимпиаданың тапсырмаларын және оларды бағалау критерийлерін әзірлейді және құрастырады.

12. Қазылар алқасының құрамы:

- қатысушылардың жұмысын тексереді және бағалайды;
- ұйымдастыру комитетіне жеңімпаздарды/жүлдегерлерді және оларды дайындаған мұғалімдерді марапаттау жөнінде ұсыныстар енгізеді.

13. Олимпиада «Дарын» өңірлік орталықтарының базасында немесе бір тірек мектептің базасында республиканың барлық өңірлерінде бір уақытта өтеді.

14. Олимпиаданың бастапқы кезеңіне қатысуға тіркеу облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады. Олимпиаданың әр кезеңінің жеңімпаздары келесі кезеңге өтеді.

15. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, РББҰ, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ олимпиаданы өткізу орнына/кері қайту жолында және өткізу кезінде қатысушылардың өмірі мен қауіпсіздігі үшін толық жауапты болады.

16. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ олимпиаданың кезеңдерін ұйымдастыруға және өткізуге жауапты маманды бекітеді.

5. Қорытынды шығару және олимпиадаға қатысушыларды марапаттау

17. Олимпиаданың қорытынды кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығының I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

18. Олимпиаданың барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

9-11 (12) сынып оқушыларына арналған қаржы және экономикадан республикалық олимпиадасына қатысушылар тізімі

№	ЖСН	Облысы	Қатысушының тегі, аты	Сыныбы	Пәні	Оқу тілі	Білім беру ұйымы	Мұғалімнің аты-жөні (құжатқа сәйкес)	Мұғалімнің ЖСН-і
1									
2									
3									
4									
5									

ық
ері

Аудан